

«БЕКІТІЛДІ»
Басқарманың Шешімімен
«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ,
хаттама № 447
«01» қазан 2014 ж.

ТАЛАПТАР
сыртқы бағдарламалық-техникалық құралдарға
және оларды сауда жүйесімен сопряжению тәртібіне
«ЕСЖ» тауарлық биржасы» АҚ

Осы сыртқы бағдарламалық-техникалық құралдарға және оларды «ЕСЖ» тауарлық биржасы» АҚ сауда жүйесімен сопряжению тәртібіне Талаптар «ЕСЖ» тауарлық биржасы» АҚ Басқармасының шешімімен бекітіледі.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Талаптардың мақсаттары үшін мынадай терминдер қолданылады:

- ЕСЖ – «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ;
- ЕСЖ КО – «ЕСЖ Клирингтік орталығы» ЖШС;
- Сауда жүйесі(лері) – «ЕСЖ» тауарлық биржасы» АҚ бағдарламалық-техникалық кешені;
- СБТҚ – деректерді жинаудың, өтінімдерді енгізуге дайындаудың және оларды сауда жүйесіне жіберудің автоматтандырылған бағдарламалық-техникалық құралдары;
- СБТҚ Пайдаланушысы (бұдан әрі – Пайдаланушы) – ЕСЖ-ның негізде қызмет көрсететін заңды тұлға;
- Операциялар жүргізу ережелері – сауда ережелері және/немесе клиринг ережелері (есеп айырысулар);

1.2. Осы Талаптарда қолданылатын барлық өзге де терминдер мен анықтамалар Операциялар жүргізу ережелерінде белгіленген мәнде қолданылады.

1.3. ЕСЖ СБТҚ-ның осы Талаптарға сәйкестігі туралы шешім қабылдаған жағдайда, СБТҚ СБТҚ Тізіміне енгізілуге тиіс.

Жаңартылған СБТҚ Тізімі ЕСЖ-ның web-сайтында бірден жарияланады.

1.4. Осы Талаптарға өзгерістер мен толықтырулар ЕСЖ Басқармасымен бекітіледі. Барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы ЕСЖ барлық СБТҚ Пайдаланушыларын хабардар етеді.

2. ТАЛАПТАР
СБТҚ-НЫ СБТҚ ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗУ ҮШІН

2.1. Сауда жүйесімен сопряжение және олардың арасындағы деректер алмасу универсалды шлюздік интерфейс арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

- 2.2.СБТҚ шеңберінде Сауда жүйесімен өзара іс-қимылдың барлық операциялары көрсетілетін Log-файлды жүргізу қолдауы тиіс.
- 2.3.СБТҚ шеңберінде оның негізгі элементтері мен деректер массивтерін резервтеу мүмкіндігі қарастырылуы тиіс.
- 2.4.СБТҚ шеңберінде клиенттермен жұмысты әкімшілендіру және мониторингілеу құралдары қарастырылуы тиіс.
- 2.5.Пайдаланушы СБТҚ әкімшісінің нұсқаулығы болуы тиіс, оның ішінде СБТҚ-ны қолданысқа беру тәртібі де.
- 2.6.СБТҚ кестелері, операциялары мен өрістерінің атаулары тиісті Сауда жүйесі кестелерімен, операциялар мен өрістерге бір мәнді түрлендіруге жол беруі тиіс.
- 2.7.СБТҚ деректерді өңдеудің мынадай ережелерін қамтамасыз етуі тиіс:
 - а) Пайдаланушының қол жетімді кез келген құралдарды пайдалана отырып СБТҚ-ға енгізілетін кез келген өтінімді бақылау мүмкіндігі;
 - б) СБТҚ-ға өтінімді енгізу кезінде мыналар қамтамасыз етілуі тиіс:
 - берілетін өтінімді тиісті Сауда жүйесіне енгізуге дайындалатын өтінім ретінде сәйкестендіру;
 - берілетін өтінімді тіркеу және оны кейінгі мүмкін аудит үшін бірыңғай өтінімдер кітабына (журналына) қосу;
- 2.8.Пайдаланушыда орнатылған СБТҚ-ның әрбір данасы бірегей сәйкестендіргішке (тіркеу нөміріне) ие болуы тиіс.
- 2.9.СБТҚ Пайдаланушысы осы немесе басқа СБТҚ арқылы Сауда жүйесінен ақпарат алу мүмкіндігіне ие болуы тиіс.
- 2.10. СБТҚ толық өзекті пайдаланушылық құжатамасы болуы тиіс.